

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



БЕКТЕМІН
БКИТУ ректоры

Б.Т. Шакешев

2024 ж.

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.

Редакция № 02

Дана №

Орал, 2024





Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 2-сі

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Магистрантың ғылыми-зерттеу/ эксперименттік-зерттеу жұмысына (МҒЗЖ/МЭЗЖ) жалпы нұсқаулар
3. Магистрлік диссертацияның /жобаның құрылымы
4. Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеу ережелері
5. "StrikePlagiarism.com» жүйесін пайдалану тәртібі
6. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға ұсыну
7. Магистранттардың қорытынды аттестациясы
8. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау тәртібі

Дайындалды: « 11 » 06 2024 ж. Собыр М.Б.  Бакесова Р.М. 	Келісілді: « 14 » 06 2024 ж. Машанова С.А. 	Енгізілді: « 18 » 06 2024 ж. Қайта қарау: « 20 » 06 2024 ж.
---	--	--

	Магистрлік диссертация/жоба және магистранттарды қорытынды аттестаттау туралы	СЖҚ. 08. ҚЕ.44. Өзгертулер: 02 Бет: 13 беттің 3-сі
---	--	---

1 Жалпы ережелер

1. Осы ереже Жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес дайындалған (ҚР БҒМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы) және магистранттардың қортынды аттестация өту тәртібін, магистрлік диссертацияны/жобаны жазып, қорғау тәртібін анықтайды.

2. Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

3. Магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

4. Дескрипторлар (descriptors) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы.

2 Магистрантың ғылыми-зерттеу/ эксперименттік-зерттеу жұмысына (МҒЗЖ/МЭЗЖ) жалпы нұсқаулар

1. Магистранттың жеке жұмыс жоспарына (ЖЖЖ), жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ), тәжірибемен қатар кіреді:

1) ғылыми-зерттеу (экспериментальды-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру түрі және мерзімі);

2) негізделген және мазмұнды магистрлік диссертация (магистрлік жоба) тақырыбы;

3) магистрлік диссертация (магистрлік жоба) орындау жоспары;

4) ғылыми басылым, тағылымдама жоспары.

ЖЖЖ оқудың толық кезеңіне ғылыми жетекшінің жетекшілігімен жасалады.

2. Ғылыми-педагогикалық магистратурада ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратурадағы экспериментальды-зерттеу жұмысы магистратураның білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Магистранттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысына кіреді:

– магистрлік диссертацияны / жобаны орындау;

– магистранттың ғылыми/бейіндік тағылымдамадан өту;

– магистранттың ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі нәтижелерін жариялау.


3. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы МҒЗЖ қойылатын талаптар:

1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;

3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;

	Магистрлік диссертация/жоба және магистранттарды қорытынды аттестаттау туралы	СЖҚ. 08. ҚЕ.44. Өзгертулер: 02 Бет: 13 беттің 4-сі
---	--	---

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет

4. Бейінді магистратурадағы МЭЗЖ қойылатын талаптар:

1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;

3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.

5. Ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың ғылыми ұйымдарда инновациялық технологиялармен танысу үшін ғылыми тағылымдама өтуі қарастырылған. Бейінді магистратурада магистранттың сәйкес саласында немесе қызмет саласында жаңа өндіріс түрлерімен танысу үшін кәсіби тағылымдама өту қарастырылған.

6. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

Университет магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауына көмек көрсетеді.

7. МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарлануы мүмкін.

Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы МҒЗЖ жалпы еңбек сыйымдылығы – 24 кредит (720 сағат); оқу мерзімі 1 жылдан кем емес бейінді магистратурадағы МЭЗЖ -13 кредит (390 сағат); оқу мерзімі 1,5 жылдан кем емес бейінді магистратурада -18 кредит (540 сағат).

Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

8. Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, ғылыми–педагогикалық өтілі кем дегенде 3 жыл, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы JCR (ЖСР) базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады. Магистранттың ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы ғылымға өзекті, берілген бағыттағы ғылым мен техниканың қазіргі жағдайына сәйкес келуі және әдеттегідей сәйкес кафедраның ғылыми-жұмыстары жоспарымен байланысты болуы керек.

Магистрлік диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекші университеттің Ғылыми кеңесі шешімімен бекітіледі. Жүргізілетін зерттеулердің тұтастығы мен толықтығын қамтамасыз ету мақсатында магистрантты даярлау бейіні және/немесе



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 5-сі

ғылымдардың аралас салалары бойынша қажет болған жағдайда магистранттар кеңес алу үшін жүгіне алатын ғылыми кеңесшілер тағайындалады.

9. Магистрлік диссертация/жоба жетекшісі:

1) Магистрлік диссертацияны/жобаны орындауға тапсырма береді;

2) Магистрлік диссертация/жобаны орындаудың барлық кезеңіне күнтізбелік кесте құруға магистрантқа көмектеседі;

3) Магистрантқа қажетті негізгі әдебиетті, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және басқа тақырып бойынша мәліметтерді қолдануға кеңес береді;

4) Магистранттың магистрлік диссертация/жобаның орындалуын күнтізбелік кесте бойынша қадағалау үшін консультация кестесін орнатады;

5) Магистрлік диссертация/жобаның барлық бөлімдерінің көлемін орнатып магистранттың жұмысын қадағалайды.

10. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

3 Магистрлік диссертацияның /жобаның құрылымы

1. Магистрлік диссертация/жобаның құрылымдық элементі болып табылады:

1) титул беті;

2) мазмұны;

3) анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар (қажет болған жағдайда);

4) кіріспе;

5) негізгі бөлім;

6) қорытынды немесе тұжырымдамалар;

7) қолданылған әдебиеттер тізімі;

8) қосымшалар (болған жағдайда);

2. Титул бет магистрлік диссертацияның/жобаның бірінші беті болып саналады және құжатты іздеу мен өңдеуге қажетті ақпараттың қайнары ретінде қызмет етеді. Титул бетін диссертацияның жалпы номерлеу бетіне қосады. Титул бетіне бет номерін қоймайды. Титул беті Қосымша 1 сәйкес рәсімделеді.

3. Магистрлік диссертация/жоба мазмұнында кіріспе, барлық бөлімдер, бөлімшелердің немесе тараулар мен тараушалардың (егер олардың атаулары болса) атаулары мен реттік нөмірлері, қорытынды немесе тұжырымдамалар, қолданылған әдебиеттер тізімі, яғни диссертацияның бұл элементтері басталатын беттердің реттік саны көрсетіледі

Диссертацияны/жобаны рәсімдеу кезінде белгіленген бөлімдер «Кіріспе» бөлімінде құрылымдық түрде көрсетілу тиіс.

4. "Нормативтік сілтемелер" құрылымдық элементі диссертация/жоба мәтінінде сілтемелер берілген стандарттардың тізімін қамтиды. Сілтеме стандарттарының тізбесі: "Осы магистрлік диссертацияда/жобада келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды" деген сөздерден басталады. Тізбеге белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібімен стандарттардың белгілері және олардың атаулары енгізіледі

5. «Анықтамалар» құрылымдық элементіне магистрлік диссертацияда /жобада қолданылған түсіндіруді немесе нұсқама беруді қажет ететін терминдердің анықтамалары кіреді. Анықтамалар тізімі мынадай сөздермен басталады: "Осы магистрлік диссертацияда/жобада келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылды...".



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 6-сі

6. «Белгілеулер мен қысқартулар» құрылымдық элементіне магистрлік диссертацияда/жобада қолданылған белгілеулер мен қысқартулар тізімі жатады. Көрсеткіштер мен қысқартулардың жазбалары қажетті түсініктемелермен және мағынасын ашумен олардың диссертация мәтінінде келтірілу тәртібінде келтіріледі. Анықтамаларды, белгілеулер мен қысқартуларды «Анықтамалар, көрсеткіштер мен белгілеулер» атты бір құрылымдық элементте көрсетуге рұқсат беріледі.

7. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының нысаны, сонымен қоса зерттеудің мақсаттары, міндеттері, ғылыми эксперименттік-зерттеу жұмысын орындаудағы орны, зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы, зерттеу жұмысының әдістері, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары, зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы келтірілуі тиіс.

8. Диссертацияның/жобаның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, теориялық талқылаулар және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер баяндалады.

9. Негізгі бөлімде төмендегі мәліметтер болуы тиіс:

- зерттеу жұмысының негізгі бөлімінде тараулар мен тараушалар өзара логикалық байланыста болуы керек, зерттеу тақырыбына қатысты пікірлер мен мысалдарды жәй тізбектемей, олардың өз мақсатына сай пайымдау, оларды түсіндіру, талдау, өзінің тұжырымдарын негіздеу, нақты деректермен дәлелдеу талап етіледі;

- теориялық зерттеудің сипатын және мазмұнын анықтауды, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, тәжірибелік жұмыстарды жүргізу қажеттілігіне негіздемені, әзірленген нысандардың әрекет ету қағидаларын, олардың сипаттамаларын қоса алғандағы теориялық және (немесе) тәжірибелік зерттеулер үрдісі;

- жұмыстың әрі қарайғы бағыттары бойынша қойылған міндеттер мен ұсыныстарды толығымен шешуді бағалауды, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалауды және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың баламалы нәтижелерімен салыстыруды қоса алғандағы зерттеу нәтижелерін жинақтау және бағалау;

- әр тарау, бөлім бойынша қысқаша қортындылар.

10. Қорытындыда мынадай мәселелер болуы тиіс:

- зерттеудің нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;

- қойылған міндеттердің толығымен шешілуін бағалау;

- нәтижелерді нақты қолдану бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтердің әзірлемелері;

- берілген саладағы үздік жетістіктермен салытырып техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау;

11. Пайдаланылған әдебиет тізімінде магистрлік диссертацияны/жобаны жазу кезінде пайдаланылған әдебиет көздері туралы мәліметтер болуы қажет.

12. Қосымшаларға қандай да бір себептер бойынша негізгі бөлімге енгізілмеген орындалған магистрлік диссертацияға/жобаға байланысты материалдарды енгізу ұсынылады.

4 Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеу ережелері

4.1 Жалпы талаптар

1. Магистрлік диссертация/жоба мәтіні берілген Ережеге сәйкес орындалу қажет магистрлік диссертация/жоба беттері және оған қосылған көркемдеулер мен кестелер А4 форматына сәйкес болуы қажет.



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 7-сі

2. Магистрлік диссертация/жоба компьютер мен принтерді қолданумен орындалған болуы тиіс. А4 формат ақ қағазының бет бір жағында бір аралық арқылы, әріп-әдеттегі, кегель 14. Магистрлік диссертация/жоба мәтінін келесі мөлшерлерді сақтай отырып шығару керек: оң -10 мм, жоғарғы -20 мм, сол -30 мм, төменгі -20 мм.

3. Магистрлік диссертация көлемі 70 беттен кем емес, магистрлік жоба көлемі 50 беттен кем болмауы тиіс.

4. Компьютерлік мүмкіншіліктерді белгілі бір терминдер, формулалар, теоремаларға назар аударуға әртүрлі гарнитуралардағы әріптерді қолдануға болады.

5. Диссертацияның орындалу тәсіліне тәуелсіз басып шығарылған мәтіннің сапасы мен көркемдеулердің, кестелердің рәсімделуі, ДЭЕМнан шығарулар олардың нақты көрсетудің талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

6. Диссертация/жобаны орындау кезінде біркелкі тығыздық, қарама-қарсылық және бейнелеу анықтығы толық диссертация/жоба бойынша сақтау қажет. Магистрлік диссертацияда/жобада сызықтар, әріптер, цифрлар және белгілер бұлдырланбаған айқын болуы тиіс.

7. Магистрлік диссертацияны/жобаны дайындау барысында табылған жаңылыс жазулар, қате және графикалық анықсыздар ақ бояумен және түзелген мәтін (график) орынында томға түсірумен тазартумен немесе бояумен машинкаға басылған тәсілмен немесе қара сиялармен, пастамен немесе қара тушьпен - қолжазба тәсілмен түзетуге рұқсат етіледі.

8. Мәтіндік беттерге зақым келулер, түзетілген жерлер және бұрынғы мәтін (график) іздер толық емес алысталған рұқсат етілмейді.

9. Фамилия, ұйым атауы, бұйымдардың атауы және басқа да өзіне меншікті атаулар диссертацияда/жобада түпнұсқа тілінде болады.

10. Өзіне меншікті атауларды трансляциялауға және диссертация тіліне аудармада ұйымдардың атаулары ертіп әкелу (алғашқы аталуда) өзіндік атауды қосуға рұқсат етіледі.

4.2 Магистрлік диссертацияны/жобаны құру

1. Диссертация құрылымдық элементтерінің атаулары «Мазмұны», «Кіріспе», Негізгі бөлім (тарау атаулары), «Қорытынды», «Әдебиеттер тізімі» диссертацияның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болады.

2. Тарау, тараушалардың және пунктiлердi тақырыптарын бас әрiппен абзацтан бос жерден бастап, соңында нүктесiз жазады.

3. Тарау, тараушалардың және пунктiлердi тақырыптарын бас әрiппен абзацтан бос жерден бастап, соңында нүктесiз, астын сызбай жазады. Егер тақырып екі сөйлемнен түзелсе, онда олар нүктемен бөлінеді.

4. Магистрлік диссертация/жобаны ДЭЕМ қондырғылары көмегімен басып шығару кезінде тарауша тақырыбын «қалың» шрифтiмен бөлінуі тиіс.

5. Мәтін және құрылымдық элементтер тақырыбының арасындағы қашықтықта «бос жол» болуы тиіс(0,7 мм).

4.3 Магистрлік диссертация/жоба беттерін нөмірлеу

1. Жұмыстың барлық шегінде диссертация/жоба тарауларында араб цифрлармен көрсетілген нүктесіз және абзац бос жерден жазылған реттік нөмірлер болуы тиіс. Беттің нөмірі беттің төменгі бөлігінде ортасында нүктесіз қойылады.



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 8-сі

2. Титул беті беттердің ортақ номерациясына қосылады. Титул бетінде беттің номері қойылмайды.

3. Бөлек бетте орналасқан көркемделулер мен кестелер ортақ диссертацияны номерлеуіне қосылады.

4. А3 форматындағы көркемделулер, кестелер бір бет ретінде саналады.

4.4 Магистрлік диссертация/жобаның тарауын, тараушаларын, пунктiлерiн, подпунктiлердi нөмiрлеу

1. Магистрлік диссертация/жоба тарауларында араб цифрлармен көрсетiлген нүктесiз және абзац бос жерден жазылған реттiк нөмiрлер болуы тиiс. Тарауша нөмiрi тарау және тараушаның нүктемен бөлiнген нөмiрлерiнен түзеледi. Тарауша нөмiрiнiң соңына нүкте қойылмайды. Тараулар тараушалар сияқты бiр немесе бiрнеше пунктiлерден түзiле алады.

2. Егер диссертацияда тараушалар болмаса, онда пунктiлердiң нөмiрленуi әрбiр тарау шегiнде болуы тиiс, және пункт нөмiрi нүктемен бөлiнген тарау және пунктiнiң нөмiрлерiнен түзiлуi тиiс. Пункт нөмiрi соңында нүкте қойылмайды. Егер диссертацияда тараушалар болса, онда пунктiлердiң нөмiрленуi тарауша шегiнде болуы тиiс және пункт нөмiрi нүктелермен бөлiнген тарау, тарауша және пункт нөмiрлерiнен түзелуi тиiс

3. Егер мәтiн тек қана пунктiлерге бөлiнсе, онда олар диссертациялық жұмыстың барлық шегiнде реттiк нөмiрлермен нөмiрленедi.

4. Пунктiлер қажет болғанда әрбiр пунктi шегiнде реттiк нөмiрлеудi болуы тиiс подпунктiлерге бөлiне алады, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

5. Диссертация әрбiр құрылымдық элементi жаңа беттен басталады

6. Диссертация беттерi мен магистрлiк диссертация/жоба құрамына кiретiн қосымшаларын нөмiрлеу тура болуы тиiс.

4.5 Көркемдеулер

1. Көркемдеулер (сызбалар, графиктер, карталар, сұлбалар, компьютерлiк ашулар, диаграммалар, фотосуреттер) диссертацияда мәтiннен кейiн немесе келесi бетте орналастырылуы керек. Иллюстрации Көркемдеулер компьютерлiк орындауда соның iшiнде түрлi түстi бола алады. Барлық көркемдеулерге диссертацияда сiлтемелер берiлуi тиiс.

2. Көркемделулер «Сурет» сөзiмен белгiленедi. Егер сурет бiр, және ол «Сурет 1» деп белгiленсе, «Сурет» сөзi және оның атауы жол ортасына сызықша арқылы орналастырады. Көркемдеулер қосымшалардың көркемдеулерiнен басқа араб цифрларымен тура нөмiрленедi. Барлық көркемдеулерге диссертацияда сiлтемелер берiлуi тиiс. Көркемдеулерге сiлтемелер жасағанда былай жазу керек тура нөмiрлеуде «...сурет 2 сәйкес» және тарау шегiнде нөмiрлеуде «...сурет 1.2 сәйкес».

4.6 Кестелер

1. Сандық материал әдетте кесте түрiнде берiледi. Үстел дизайнының мысалы 1-суретте көрсетiлген.

2. Кесте диссертацияда/жобада ол бiрiншi рет айтылған мәтiннен кейiн немесе келесi бетте орналастырылуы керек.



3. Кестені жылжытқанда баған тақырыбынан кейін баған нөмірін көрсететін жолды қосу керек. Баған атауы кестенің жалғасына берілмейді, бірақ баған нөмірі көрсетіледі.

4. Диссертацияда/жобада барлық кестелерге сілтеме болуы керек. Сілтеме жасау кезінде оның нөмірін көрсете отырып, «кесте» деп жазу керек.

5. Жолдар саны көп кестені басқа параққа (бетке) ауыстыруға болады. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) ауыстырған кезде «Кесте» сөзі және оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің оң жағында бір рет көрсетіледі, қалған бөліктерінің үстіне «Жалғасы» сөзі және кесте нөмірі жазылады. көрсетілген, мысалы: «1-кестенің жалғасы».

Кестені басқа параққа (бетке) тасымалдау кезінде тақырып оның бірінші бөлігінің үстіне ғана қойылады.

Кесте _____.- _____
Кесте нөмірі/ атауы

Головка						Заголовки
						Строки (горизонтальные ряды)
	Боковик (графа для заголовка)		Графы (колонки)			

1-сурет - Үстел дизайнының мысалы

6. Қосымша кестелерді қоспағанда, кестелер араб цифрларымен дәйекті түрде нөмірленуі керек.

7. Бағандар мен кесте жолдарының тақырыптары жеке әріппен бас әріппен, ал бағандық тақырыпшалар тақырыппен бір сөйлем құраса, кіші әріппен, ал егер тәуелсіз мағынада болса, бас әріппен жазылады. Кестелердің тақырыптары мен тақырыпшаларының соңында нүктелер жоқ.

8. Сол, оң және төменгі жағындағы кестелер әдетте сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтіндегіден кіші қаріп өлшемін пайдалануға рұқсат етіледі.

4.7 Формулалар мен теңдеулер

1. Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек жолға бөлінуі керек. Әрбір формуланың немесе теңдеудің үстінде және астында кем дегенде бір бос жол қалдырылуы керек. Егер теңдеу бір жолға сәйкес келмесе, оны теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), минус (-), көбейту (x), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін жылжыту керек. басындағы белгі келесі жол қайталанады. Формуланы көбейту амалын білдіретін белгіге ауыстырған кезде «x» белгісін қолданыңыз.

2. Диссертациялық жұмыстағы формулалар бүкіл диссертация бойынша дәйекті түрде араб цифрларымен жақшаның ішінде жолдың шеткі оң жағында нөмірленуі керек.

Мысалы: $A=a:b$; (1)

$V=s:e$. (2)

4.8 Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Магистрант диссертацияны/жобаны жазған кезде авторға және материалды немесе жеке нәтижелерді алатын дереккөзге сілтеме беруі керек.



2. Дереккөздер туралы мәліметтер диссертация мәтінінде араб цифрларымен нөмірленіп, шегінсіз басылған дереккөздерге сілтемелер ретімен орналастырылады.

3. Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты жақшада берілуі керек [5, 7 б.]. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасағанда көздің реттік нөміріне қосымша тік жақшаның ішінде сәйкес бет көрсетіледі. Тасымалдаушы ақпаратты пайдаланған кезде тек қана бастапқы нөмір төртбұрышты жақшада көрсетіледі. Тасымалдаушы ақпаратты пайдаланған кезде тек қана бастапқы нөмір төртбұрышты жақшада көрсетіледі.

4. Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтеме жасаған кезде тек олардың белгіленуі көрсетіледі, бұл ретте стандарт пайдаланылған көздер тізімінде толық сипатталған жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетпеуге рұқсат етіледі.

4.9 Қосымшалар

1. Қосымшалар осы магистрлік жұмыстың/жобаның жалғасы ретінде оның келесі беттерінде ресімделеді.

2. Барлық өтінімдерге диссертация/жоба мәтінінде сілтеме жасалуы тиіс. Қосымшалар диссертация мәтінінде оларға сілтемелер ретімен орналастырылған.

3. Әрбір қосымша беттің жоғарғы оң жақ бұрышында «ҚОСЫМШАЛАР» сөзі бар жаңа беттен басталуы керек.

4. Өтініште мәтінге қатысты симметриялы түрде бас әріппен бөлек жолға жазылатын тақырып болуы керек.

5. Өтініштер Ё, З, И, О, Ч, ь, ы, Ъ әріптерін қоспағанда, А-дан басталатын орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді. «ҚОСЫМШАЛАР» сөзінен кейін оның ретін көрсететін әріп қойылады.

6. Өтініштерде құжаттың қалған бөлігімен ортақ беттердің үздіксіз нөмірленуі болуы керек.

5. "StrikePlagiarism.com» жүйесін пайдалану тәртібі

2.1 "StrikePlagiarism.com" жүйесі арқылы тексеруге магистранттың жазбаша жұмысы жетекшісімен немесе білім алушылармен ақпарат тасымалдаушымен (флеш-карта, CD) немесе E-mail арқылы ұсынылады.

2.2 Жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеруді осы Ережеге сәйкес жауапты маман жүзеге асырады.

2.3 Тексеру мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

2.4 Білім алушы жауапты маманға магистрлік жұмыстың электрондық түрдегі соңғы нұсқасын беруі тиіс.

2.5 Кейін жауапты маман StrikePlagiarism.com жүйесінде магистрлік жұмыстың баспа және электрондық нұсқаларын салыстырады. Білім алушы жұмыстың бірдей нұсқасын ұсынуға міндетті.

2.6 Жауапты маман жұмыстың электрондық нұсқасын талдау үшін жүйеге жүктейді, сәйкестік есебін дайындап, ғылыми жетекшіге (және/немесе) кафедра меңгерушісіне береді.



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 11-сі

6. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға ұсыну

1. «Қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмеді» деген дәлелді қорытындысы көрсетілген ғылыми жетекшінің рецензиясымен белгіленген талаптарға сәйкес құрастырылған магистрлік диссертация/жоба ЗКИТУ-дың бітіруші кафедрасына тапсырылады. Алдын ала қорғаныс рәсімінен өтеді.

2. Магистрлік диссертацияға/жобаға доктор, ғылым кандидаты, PhD дәрежесі/мамандығы немесе тиісті ғылымдардың магистрі ғылыми дәрежесі бар бөгде ұйымнан ресми рецензент тағайындалады.

3. Магистрлік диссертацияның/жобаның ресми рецензенті жұмыс орны, атқаратын лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, дәрежесі және оқу орны бойынша негізгі жарияланымдары көрсетіле отырып, қорғалатын диссертациямен профилі және шифрі жағынан сәйкес болғанда Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ЗКИТУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4. Магистрлік диссертацияны/жобаны зерделеу негізінде ресми рецензент магистр дәрежесін беру немесе бермеу мүмкіндігі туралы дәлелді қорытындымен шолу жасайды.

5. Ресми рецензенттің рецензиясы машинкамен басылып, оның жасалған күнін көрсете отырып, рецензент қол қоюға тиіс. Рецензенттің қолы ұйымның (рецензент жұмыс істейтін) персоналды басқару бөлімінің басшысы куәландырып, мөрімен расталуы тиіс.

7. Магистранттарды қорытынды аттестаттау

1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратурада оқуды аяқтаған кезде қол жеткізілген оқу нәтижелерін және негізгі құзыреттерді бағалау болып табылады.

2. Қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті (360 сағат) құрайды және магистрлік диссертацияны/жобаны жазу және қорғау түрінде жүзеге асырылады.

3. Магистранттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар Дублин стандарттары негізінде анықталады. Жоғары білімнің екінші деңгейінің дескрипторлары (магистратура) және қол жеткізілген оқыту нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттерді көрсетеді.

Дескрипторлар оқушының қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелерін көрсетеді:

1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және/немесе қолдану кезінде осы саладағы алдыңғы қатарлы білімге негізделген зерттелетін сала туралы дамып келе жатқан білім мен түсінікті көрсету;

2) жаңа ортада, кеңірек пәнаралық контексте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілеттерін кәсіби деңгейде қолдану;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пікірлерді ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауға және түсіндіруге;

4) мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, тұжырымдарды, проблемалар мен шешімдерді анық және анық жеткізуге;

5) оқу саласында одан әрі білім алуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдылары.

4. Магистранттарды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру бағдарламалары немесе оқыту бағыттары бойынша аттестациялық комиссия құрылады.

5. Аттестаттау комиссиясының құзыретіне мыналар жатады:

1) бітірушілердің теориялық және практикалық даярлығының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

2) бітірушіге тиісті білім беру саласында магистр дәрежесін беру

3) кадрларды даярлау сапасын одан әрі арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 12-сі

8. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау тәртібі

1. Диссертацияны/жобаны қорғау ЗКИТУ-да құрылған тиісті мамандық бойынша аттестациялық комиссияда (АК) жүзеге асырылады.

2. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау бойынша АК отырысы оның төрағасының жетекшілігімен өткізіледі.

3. АК магистрлік диссертацияны/жобаны келесі тізімге сәйкес құжаттар болған жағдайда қорғауға қабылдайды:

- жетекшінің жұмысын тексеру;
- ресми рецензенттің магистрлік диссертацияға/жобаға рецензиясы.

4. АК сонымен қатар аяқталған магистрлік диссертацияның/жобаның ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын басқа да материалдарды ұсынуға болады: бейресми рецензиялар, магистрлік диссертация/жоба бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша пікірлері, ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу туралы сертификаттар немесе сертификаттар, макеттер және т.б.

5. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау АК-ның ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігінің қатысуымен жүзеге асырылады.

6. Ғылыми жетекші мен рецензенттің магистрлік диссертацияны/жобасын қорғауға арналған АК отырысына қатысуы және сөз сөйлеуі міндетті.

7. Магистрант 30 минуттан аспайтын презентация жасайды, онда ол зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қысқаша және нақты сипаттайды, ең маңызды ережелерді белгілейді, қорытындылар мен ұсыныстарды негізді түрде дәлелдейді.

8. Магистрлік диссертацияны/жобаны бағалау кезінде мыналар ескеріледі:

• бітіру жұмысының магистратураның білім беру бағдарламасының профиліне сәйкестігі;

- зерттеудің тәуелсіздігі;
- әдебиеттерге шолудың толықтығы және пайдаланылған дереккөздердің заманауилығы;
- ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктерін есепке алу;
- өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы (диссертация);
- ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану (диссертация);
- тиісті білім саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені пайдалану (диссертация);

• нақты практикалық ұсыныстардың, басқару мәселелерінің тәуелсіз шешімдерінің болуы (магистрлік жоба);

- озық ақпараттық технологияларды қолдану (магистрлік жоба);
- материалдарды берудің сауаттылығы мен анықтығы;
- қолданыстағы дизайн талаптарына сәйкестік;

• диссертация/жобаны қорғау есебінің сапасы (анықтылық, сауаттылық, кәсіби терминдерді қолдана білу, демонстрациялық материалдың сапасы және т.б.);

• қорғау кезінде қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертулеріне жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы;

• жұмыс бойынша жарияланымдар саны, ғылыми конференциялардағы магистранттардың баяндамалары.

9. АК отырыстарының хаттамасы әрбір магистрантқа жүргізіледі және оны хатшы белгіленген нысан бойынша толтырады.

10. АК отырысы хаттамаларының барлық бланкілері нөмірленуі, тігілуі және мөрмен бекітілуі тиіс.



**Магистрлік диссертация/жоба және
магистранттарды
қорытынды аттестаттау туралы**

СЖҚ. 08. ҚЕ.44.
Өзгертулер: 02
Бет: 13 беттің 13-сі

11. Хаттамаға отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды.

12. Бітіру жұмыстарын қорғау нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

13. Оң бағаны көтеру мақсатында магистрлік диссертацияны/жобаны қайталап қорғауға жол берілмейді.

14. Қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде «қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғалардың магистрлік диссертацияны/жобаны қайта қорғауына жол берілмейді.

15. Қорытынды аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» баға алған магистрант «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамағаны» және «магистрлік диссертацияны/жобасын қорғамағаны» үшін ректордың бұйрығымен университеттен шығарылады.

16. Қорытынды аттестаттаудан өткен және магистратураның білім беру бағдарламасын меңгергендігін растаған магистрантқа аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесі беріледі және оған бес күн ішінде қосымшасы (транскрипті) қоса берілген тегін диплом беріледі. оқу орнын бітіру туралы бұйрық шығарылған күннен бастап.

17. Университет түлекке сұранысы бойынша дипломға жалпыеуропалық қосымша береді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

ӘОЖ (әмбебап ондық жіктеу индексі)

Қолжазба құқығында

Магистранттың аты-жөні

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ/ЖОБАНЫҢ АТАУЫ

(шифры және атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша _____

(атауы)

магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация/жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қорғауға жіберілді

кафедрасының меңгерушісі

_____ аты-жөні

«__» _____ 20__ ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ/ЖОБАНЫҢ АТАУЫ

Магистрлік диссертация/жоба

(Шифры және атауы) білім бағдарламасы

Магистрант: _____ Аты-жөні

Ғылыми жетекші: _____ Аты-жөні

ОРАЛ, 20__